

Жоба бойынша қысқаша ақпарат

Атауы	ЖТН AP25795213 Цифрлық әдебиет: генезисі, эволюциясы, жанрлары
Өзектілігі	Ұсынылған зерттеу цифрлық әдебиетті зерттеуге, оның ішінде жаңа жанрлар мен олардың технологиялық трансформацияның даму тенденцияларын қарастыруға арналған. Цифрлық әдебиет электрондық платформалар арқылы жасалып, таратылады және гипертекст, интерактивті әңгімелер мен электрондық поэзия сияқты бірегей жанрларды қалыптастырады. Негізгі мәселе – осы жанрларды талдау және жіктеу әдістерінің жеткіліксіз болуы. Жоба цифрлық жанрлардың теориялық моделін құруға, сондай-ақ олардың әдеби процеске, оқырман тәжірибесіне және білім беру бағдарламаларына әсерін зерттеуге бағытталған.
Мақсаты	Зерттеу жобасының мақсаты цифрлық әдебиеттің жаңа жанрларының генезисін және ерекшеліктерін зерттеу, олардың жіктелуін әзірлеу және талдау үшін теориялық модель құру, сондай-ақ қоғамның цифрлық трансформациялануының әдеби процесс пен оқырман тәжірибесіне әсерін анықтау.
Міндеттері	- Цифрлық әдебиет жанрларының генезисі мен эволюциясын талдау. Өртүрлі жанрларды (гипертекст, интерактивті әңгімелер, электрондық поэзия және т.б.) қамтитын цифрлық әдебиеттің кемінде 10 негізгі туындысын зерттеу және олардың пайда болу және даму кезеңдерін анықтау; - Цифрлық әдебиет жанрларының жіктелуін жасау. Цифрлық әдебиеттің кемінде 5 негізгі жанрын қамтитын, әр жанрдың егжей-тегжейлі сипаттамасымен жіктеу схемасын дайындау; - Цифрлық технологиялардың әдеби үдеріске әсерін зерттеу. Цифрлық технологиялардың (ғаламтор, әлеуметтік желілер, оқу платформалары) цифрлық мәтіндерді жасауға, таратуға және тұтынуға қалай әсер ететінін көрсететін кемінде 3 кейс-стади жүргізу. Бұл міндет жаңа технологиялық жағдайлардың тек туындыларға ғана емес, сонымен қатар әдеби тәжірибелерге, соның ішінде авторлар, оқырмандар және шығармалар арасындағы қарым-қатынастарға қалай әсер ететінін қарастырады. - Цифрлық әдебиет контекстіндегі оқырман тәжірибелерін зерттеу. Өртүрлі жанрларға, оқырмандардың қабылдауы мен қалауына қатысты цифрлық әдебиетке 100 оқырман арасында сауалнама жүргізу. Бұл міндет цифрлық технологиялардың дамуымен оқырман қалауының қалай өзгергенін түсіну және оның жаңа жанрларды танымалдылығын арттыруға қалай әсер ететінін білу үшін маңызды. Нәтижелер цифрлық әдебиеттің әлеуметтік маңыздылығы мен даму перспективаларын бағалау үшін қолданылады.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Жобадан күтілетін нәтижелер цифрлық әдебиет жанрларының кешенді теориялық моделін құруды және оларды жіктеу критерийлерін әзірлеуді қамтиды. Бұл нәтижелер қоғамның цифрлану жағдайында әдебиет, медиатеchnология және мәдениеттану ғылымының дамуына ықпал етеді. Жоба ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында кадрларды даярлау үшін цифрлық мәтіндерді білім беру үдерістерінде қолдану бойынша тәжірибелік ұсынымдарды әзірлеуді көздейді. Зерттеу

	жұмысы әдебиет пен цифрлық технологиялардың өзара байланысын негізге ала отырып зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады, сондай-ақ білім беру жүйесі мен цифрлық мәдениетті дамыту үшін өте маңызды болып саналады. Оқырман тәжірибесіне эмпирикалық зерттеу жүргізіледі. Жоба барысында цифрлық әдебиеттің кемінде 100 оқырманына сауалнама жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері конференция материалдарының жинағында мақала түрінде жарияланады. Web of Science дерекқорындағы Arts and Humanities Citation Index немесе Social Sciences Citation Index-те индекстелген ғылыми басылымдарда немесе Scopus дерекқорында CiteScore процентиі 35-тен төмен емес журналдарда 2 мақала жарияланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және тиісті профильдерге сілтемелер	Даутова Гүлназ Рахымқызы, «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша PhD Scopus деректер базасы бойынша индекс Хирш – 2 (Scopus Author ID: 57192094749) https://orcid.org/0000-0002-3377-5334 Researcher ID - CAF-5781-2022
Сілтемелері көрсетілген жарияланымдар тізімі (бағыты бойынша)	1. Analysis of modern strategies for using artificial intelligence technologies in the creation of fantasy content// Digital scholarship in the humanities, 2025-01-09, DOI 10.1093/llc/fqae090 https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:001388794800001 2. Effective online methods and pedagogical insights in digital creativity for literature education// E-Learning and Digital Media, 2025 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192094749&origin=recordpage 3. Ethnic Narratives in Education: The Role of Kazakh Epics in Preserving Cultural Heritage and Identity//<i>Journal of Ethnic and Cultural Studies</i>. Vol. 12 No. 1: 2025 https://www.ejecs.org/index.php/JECS/article/view/2414 4. The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication// Научный журнал Вестник Евразийского гуманитарного института. 1 (2025). https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.18
Патент бойынша ақпарат	-